

**КОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ**

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ
РЕГЛАМЕНТИ**

БІРІНШІ БӨЛІМ

Жалпы ережелер, колдану аясы, негізdemесі және қысқартылған сөздер

Жалпы ережелер

1-бап. (1) Жаратылыстану ғылыми-зерттеу институтының қазак, орыс және ағылшын тілдеріндегі атауы жазылған мөрі, бұрыштама белгісі, қазак, орыс, түрік және ағылшын тілдеріндегі атауы жазылған бланкісі болады.

(2) Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті мекемесінің Жаратылыстану ғылыми-зерттеу институты Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, №29 мекен-жайы бойынша орналасқан «Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті» мекемесіне қарасты құрылым ретінде құрылған.

(3) Жаратылыстану ғылыми-зерттеу институты университетке қарасты құрылым болып табылады.

(4) Институт атауы қазақ тілінде: Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті Жаратылыстану ғылыми-зерттеу институты; түрік тілінде: Nosha Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Fen Bilimleri Araştırma Enstitüsü; орыс тілінде: Научно-исследовательский институт естествознания Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави; ағылшын тілінде: Scientific Research Institute of Natural Science of Khoca Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University ретінде белгіленді.

Колдану аясы

2-бап. (1) Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университетінің Жаратылыстану ғылыми-зерттеу институтының мақсатын, органдарын, қызметтерінің тәртібі мен негіздерін камтиды.

Негізdemесі

3-бап. (1) Осы регламент Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті Жарғысының 5 (е), 8 (с), 10 (а) және 15-баптарына негізделіп дайындалады.

Қысқартылған сөздер

4-бап. Колданылған қысқартылған сөздер төмендегідей:

a) Институт: Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университетінің Жаратылыстану ғылыми-зерттеу институты;

b) Институт директоры: Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университетінің Жаратылыстану ғылыми-зерттеу институтының директоры;



- c) Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры;
- d) Ректор әкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректорының бірінші орынбасары;
- e) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
- f) Басқару кенесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жаратылыстану ғылыми-зерттеу институты Басқару кенесі мағынасын білдіреді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Институттың мақсаттары мен қызметтері

Институттың мақсаты

5-бап. (1) Институттың негізгі мақсаты математика, физика, компьютерлік ғылымдарының іргелі және қолданбалы мәселелері бойынша жаңа ізденістер-зерттеулер жүргізу, сонымен бірге олардың нәтижелерін колданыска енгізу болып табылады.

Институттың қызметтері

6-бап. (1) Институттың қызметтері төмендегідей:

- a) Жаратылыстану ғылымдарының іргелі және қолданбалы есептерін шешудің жаңа әдістерін жасау;
- b) Ғылыми-зерттеу жұмыстарының сұбелі нәтижелерін Thomson Reuters және Scopus компанияларының базаларындағы деңгейі жоғары импакт-факторлы ғылыми басылымдарда жариялау;
- c) Халықаралық қатынастарға жол ашу, басқа мемлекеттер мен Қазақстан және Түркия Республикалары мекемелерімен ғылыми байланыстар орнату, материалдар және тәжірибелер алмасу;
- d) Ғылым және ғылыми-өндірістік қызмет көрсету, сараптау және кеңестер үйімдастыру;
- e) Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізу, жасалған жаңа технологияларға сәйкес шағын өндіріс-орындарын ашуға ұсыныс жасау;
- f) Мемлекеттік және жекеменшік үйімдардың жариялаган ғылыми гранттық конкурстарына қатысу үшін жоба дайындау және жүзеге асыру;
- g) Институттың алдына қойылған манызды проблемалар бойынша ғылыми конференциялар, семинарлар үйімдастыру;
- h) Жаратылыстану саласында ғылым-білім жетістіктерін насиҳаттау, жүргізген зерттеулер мен қол жеткізген нәтижелер туралы акпараттар дайындау;
- i) Шетелдердегі жаратылыстану саласында ғылымның дамуы деңгейін анықтау және шетелдік үйімдар мен ғылыминың манызды бағыттары бойынша бірлескен іс-әрекеттер жүргізу, акпараттық тағы басқа байланыстар орнату;
- j) Шаруашылық келісім-шарт негізінде ғылыми-зерттеулер жүргізуге тапсырыстар қабылдауга ұсыныс жасау;



k) Фылыми-зерттеулер жұмыстарын материалдық техникалық жабдықтау бойынша іс-әрекеттер жүргізу.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Институттың құрылымы мен қызметтері

Институттың құрылымы

7- бап. (1) Институт төмендегі органдардан тұрады:

- a) Директор
- b) Басқару кеңесі
- c) Фылыми болім

Институт директоры

8-бап. (1) Ректор мен ректор өкілінің шешімімен үш жылға тағайындалады. Жұмыс мерзімі аяқталған институт директоры, қайтадан қызметке тағайындалу құқығына ие.

Институт директорының қызметтері

9-бап. (1) Институт директорының қызметтері төмендегідей:

- a) Жылдық және төрт жылдық стратегиялық даму жоспарын, институттың жұмыс жоспарын және жұмыс есебін дайында, Басқару кеңесіне ұсыну;
- b) Басқару кеңесін жиналысқа шақыру, жиналысқа төрағалық ету және жиналыста қабылданған шешімдерді орындау;
- c) Институттың атынан өкіл ету, академиялық қызметтері мен басқару жұмыстарын жүргізу;
- d) Отандық және халықаралық ғылыми ұйымдар мен зерттеу және практикалық орталықтарымен ынтымақтастық катынастарын орнату арқылы институттың мақсатына сай жобаларды дайындауды камтамасыз ету;
- e) Жариялануға ұсынылған зерттеулер мен ізденістерді Басқару кеңесіне ұсыну;
- f) Басқару кеңесі тараپынан институт мақсатына сәйкес берілген басқа да міндеттерді орындау.
- g) Жыл сайын атқарылған жұмыстар жөнінде Басқару кеңесіне есеп беру.

Басқару кеңесі

10-бап. (1) Басқару кеңесі университет ректоры мен ректор өкілінің ортақ шешімімен тағайындалған төрт мүше мен институт директорынан құралады. Басқару кеңесі мүшелерінің қызмет мерзімі үш жыл. Қызмет мерзімі аяқталған мүшелер қайтадан тағайындалуы мүмкін. Қызметінен босаған, Басқару кеңесі мүшесінің орнына қалған мерзімді аяқтау үшін алғашқы тағайындау барысында қолданылатын негіздер шеңберінде жаңа мүше тағайындалады.

(2) Басқару кеңесі институт директорының шақыруымен кем дегенде екі айда бір рет жиналады. Қажет болған жағдайда институт директоры Басқару кеңесін төтенше жиналысқа шақыра алады. Басқару кеңесінің жиналысына Институт директорымен қоса, кем дегенде үш мүше қатысуы тиіс. Шешімдер копшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар бірдей болған жағдайда, Тораганың дауысы екі дауыс болып есептелінеді.



Басқару кенесінің қызметтері

11-бап. (1) Басқару кенесінің қызметтері төмендегідей:

- а) Институттың басқаруы мен жұмыстары туралы шешім қабылдау;
- б) Институттың стратегиялық даму жоспарын талқылау, бекіту және орындалуын қадағалау;
- с) Жұмыс топтарын құру және олардың жұмыстары бойынша нұсқаулар;
- д) Отандық және халықаралық мекемелермен ынтымақтастық негіздері мен бағыттарын белгілеу;
- е) Жылдық жұмыс бағдарламасын бекіту;
- ф) Институттың ғылыми жұмыстары мен жұмыс топтарына байланысты және қолдау сұраныстары бойынша шешім қабылдау;
- г) Зерттеу, магистратура және докторантуралы жұмыстарына берілетін шәкіртақылары туралы шешім қабылдау;
- х) Ұйымдастырылатын курстар, оқу бағдарламалары, жиналыштар мен басылатын жарияланымдар жөнінде шешім қабылдау;
- и) Берілетін сыйлықтардың негіздерін белгілеу.

Ғылыми болім

12-бап. (1) Институт директорының ұсынысы және Басқару Кенесінің бекітуімен институттың зерттеу, жоба, оқыту т.б. жұмыстарын іске асыру максатында Ғылыми болім құрылады. Бұл болім белгіленген максаттарға сәйкес топ арасынан тағайындалатын төрағаның жауапкершілігі шенберінде тұрақты немесе белгілі бір мерзім көлемінде қызметтерін атқарады.

(2) Ғылыми болім институт директоры алдында жауапты. Әр жылдың аяғында Институт директорына атқарылған қызметтері туралы жазбаша түрде есеп береді.

(3) Институт директорының ұсынысы мен Басқару кенесінің бекітілуімен қызмет мерзімі аяқталған немесе қажеттілігі қалмаған қызметтерді тоқтатады.

Институт құрылымы

13-бап. (1) Институт штаты төмендегідей: 1 директор; 3 жетекші ғылыми қызметкер, 3 ага ғылыми қызметкер, 3 ғылыми қызметкер, Ph.D.; 4 кіші ғылыми қызметкер, магистр; 1 лаборант.

ТОРТІНШІ БӨЛІМ

Сонғы және басқа да ережелер

Қаржылық ережелер

14-бап. (1) Институт бюджеті университет бюджетінен бөлінген қаржыдан және құқықтық шенберіндегі басқа да қаржы көздерінен құралады.

(2) Институттың жылдық бюджеті Басқару кенесі тарапынан дайындалады және университет бюджетінің құрамында Өкілдепті Кенес тарапынан бекітіледі.

(3) Басқару кенесі мүшелеріне Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жол шығындары және тәуліктік төлемдер толенеді.



Өзге де регламенттер

15-бап. (1) Осы регламентде карастырылмаған мәселелер бойынша университет ережелері негізге алынады.

Күшіне енү

16-бап. (1) Бұл регламент институттың тіркеу жұмыстары аяқталғаннан кейін өз күшіне енеді.

Жүзеге асыру

17-бап. (1) Бұл регламентті университет ректоры және ректор өкілі жүзеге асырады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кенес мәжілісінің		
Күні: 24.06.2014	Мәжіліс № 48	Шешім № 10.2

